

Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 7 қыркүйек 1993 ж. N 831

Қазақстан Республикасы Президентінің "Иран Ислам Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы" 1993 жылғы 9 қаңтардағы N 1056 U931056_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Елшілігінің жылдық жалақы қоры 223890 АҚШ доллары сомасында 16,5 адамнан тұратын штат саны бекітілсін.
2. Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшісінің лауазымдық жалақысы 1700 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.
Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары штат кестесіне сәйкес Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасын алатын жалақысына қарай белгіленсін.
3. Иран Ислам Республикасымен қарым-қатынастың ерекше маңыздылығы, күрделілігі және жұмыс көлемінің ауқымдылығы ескеріліп, Қазақстан Республикасы Елшісінің лауазымдық жалақысына оған шетел валютасымен берілетін жалақысының 20 проценті көлемінде үстеме белгіленсін.
4. Елшілік қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуге олардың АҚШ долларымен есептелетін жалақы қорының 2,5 проценті мөлшерінде қаржы бөлу белгіленсін.
5. Ирандағы Қазақстан Республикасы Елшілігінің шығыс сметасы 1993 жылдың 4 айына 409,5 мың АҚШ доллары және 91093,5 мың сом сомасында бекітілсін.
6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісіп 1993 жылға Елшіліктің шетел валютасы мен сом шығысының сметасын жасап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі